

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE индексінің өкілеттік тізіміне кіретін, акциялар параметрін өзгертті.
- ▲ KASE өз интернет-сайтында биржа мүшелерінің 2020 жылдың қазан айына белсенділік рэнкингтерін [жариялады](#).
- ▲ KASE Басқармасы Еуропа қайта құру және даму банкі жоспарланған XS2252216937 халықаралық облигациялары шығарылымына және Азия даму банкі жоспарланған [XS2251962903](#) және XS2251962499 халықаралық облигациялары шығарылымына KASE ресми тізімінің "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар" санаты бойынша енгізілуіне келісім берді.
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" Сақтандыру компаниясы" АҚ KZ1C00005388 (SABR) облигацияларының сауда-саттықтары [ашылады](#).
- ▲ "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00007037 (KFUSb4) облигациялары KASE ресми тізіміне негізгі сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша [енгізілді](#).
- ▲ Қызылорда облысының KZMJ00000909 (KOK024_090) жергілікті атқарушы органының облигациялары KASE ресми тізімінің "Мемлекеттік бағалы қағаздары" секторына [енгізілді](#).
- ▲ "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ XS2242422397 (KMGZe16) облигациялары Т+ тізімі және Т+ қамтамасыз ету тізіміне [енгізілді](#).
- ▲ "Halyk Finance" АҚ "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ XS2242422397 (KMGZe16) облигациялары бойынша Қазақстан қор биржасында маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00006948](#) (KFUSb2) облигациясын жылдық 10,8800 % -бен және "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00007037](#) (KFUSb4) облигациясын жылдық 10,8800 % -бен орналастырып, 18,9 млрд теңге қаржы тартты.
- ▲ **АНОНС:** 17 қарашада "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2020 жылдың тоғыз айына және үшінші тоқсанына қаржылық нәтижелерді жариялау бойынша телеконференция өткізеді.
- ▲ KAZ Minerals PLC Компаниясы NOVA RESOURCES B.V. компаниясының акцияларын сатып алу туралы өзінің акционерлеріне нұсқаулығын [ұсынды](#).
- ▲ "First Heartland Jýsan Bank" АҚ және "АТФБанк" АҚ акционері "First Heartland Jýsan Bank" АҚ "АТФБанк" АҚ 99,76% акцияларын сатып алу туралы алдын ала [келісімге келді](#).
- ▲ "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атомдық компаниясы" АҚ 2020 жылдың үшінші тоқсанына операциялық қызмет нәтижесі туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Kaspi Bank" АҚ Moody's Investors Service агенттігі банктің рейтингілік бағалауларын көтергені туралы [хабарлады](#), болжамы "Позитивті".
- ▲ "АТФБанк" АҚ XS0274618247 (ATFBe7) халықаралық облигацияларын мерзімінен бұрын өтеуді [жоспарлап отыр](#).
- ▲ "Қазмұнайгаз" Ұлттық Компаниясы" АҚ XS0925015074, US46639UAA34 (KMGZe6) және XS1595713279, US48667QAM78 (KMGZe10) халықаралық облигацияларын мерзімінен бұрын өтегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Компания Фазтон" АҚ KZ2P00003874 (FATNb1) 3 407 107 өзінің жай акцияларын мерзімінен бұрын [сатып алды](#).
- ▲ "KEGOC" ақ өзінің KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша дивиденд [төледі](#).



KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 1,4% өсіп, 2 490,73 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық Банкінің жай акцияларымен жасалды – 638 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell қағаздары – 430,2 млн теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен 50,9%).

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



06.11.2020

KASE Индексі	2 490,73	Трендтер (%)	
		1,5	2,6
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Freedom Holding Corp.	13 104,5	10,7	22,9
Народный банк	113,0	3,5	-2,2
Казхателеком	25 850,1	3,4	4,7
Bank of America Corporation	10 583,0	2,8	-0,4
Аэрофлот	368,0	2,3	-4,8
НАК Казатомпром	6 135,0	2,2	0,9
Сбербанк	1 219,0	1,6	-0,1
Банк ЦентрКредит	218,1	1,6	0,1
Газпром	910,0	1,1	-10,9
КазТрансОйл	801,6	0,2	-0,5
KEGOC	1 678,0	0,1	-1,8
KAZ Minerals	3 302,0	0,1	17,6
Банк ВТБ	0,2	0,0	0,0
Kcell	2 714,0	-0,1	4,7
Казхателеком, прив. акции	12 300,0	-0,4	2,2

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Өкілеттік тізімдегі сегіз акцияның жетеуі аптаны «жасыл аймақта» аяқтады. Kcell жай акциялары 0,2% дейін төмендеп, 2 714,00 теңгені құрады. Баға белгілеу өсімі бойынша Halyk Bank акциялары көшбасшы ретінде 3,5% дейін өсіп, 112,99 теңгені құрады.

«Казатомөнеркәсіп» акцияларының бағасы 1,4% артып, 6 135,00 теңгені құрады. Ұлттық атом компаниясы 2020 жылдың III тоқсанына және 9 айына операциялық нәтижесін ұсынды, онда 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда уран өндірісі мен сату өсімінің қысқаруы байқалуда. Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айларында уран өндірісі 10,6%, азайып, 15,091 мың тоннаны құрады. Компанияның хабарламасында жазылғандай, кен орындарын өңдеу бойынша жұмыстың бәсеңдеуі мен COVID-19 пандемиясы аясында екінші тоқсан бойы өндірістік қызметкерлердің саны азаюынан өндіріс көлемі күткендегіден төмен болды. сонымен қатар, «Казатомпром» және оның еншілес компанияларының өндіріс көлемі 2020 жылдың 9 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,2% өсіп, 9,857 мың тоннаны құрады, уран концентраты фунтын сатудың орташа бағасы 7,2% өсіп, \$29,58 құрады. Компанияда сату көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, топтың деңгейіндегідей, «Казатомпром» 2019 және 2020 жылдардағы жеткізу кестесі мен мерзімділігімен шартталды.


KAZ Minerals баға белгілеулері 0,9% қымбаттап, 3 302,01 теңгені құрады. 03 қарашада KAZ Minerals PLC Қазақстан қор биржасына, Nova Resources B.V. және KAZ Minerals PLC Тәуелсіз комитет басқармасы қолма қол ақша қаражатына сатып алу ұсынысы шарттары бойынша KAZ Minerals (консорциумға жататын немесе олардың бақылауындағы KAZ Minerals акцияларынан басқа) барлық шығарылған және акционерлік капитал шығарылымына жататын Nova Resources жасалатын келісімге қол жеткізді. 2020 жылдың 27 қазанындағы жағдай бойынша консорциумға жататын немесе олардың бақылауындағы KAZ Minerals акцияларының саны 186 079 209 дананы құрады, ол осы датадағы KAZ Minerals акционерлік капиталы (қазынашылық акциялардан басқасы) шығарған 39,39% акцияға балама. Сатып алу келісім сызбасы бойынша жүзеге асырылады.



Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 32 б.н. азайып, жылдық 8,28% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі өзгерген жоқ, жылдық 7,40% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 238,56 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -9,4%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

■ Апталық орналастыру (←) ■ Айлық орналастыру (←) ■ Үш айлық орналастыру (←)
■ Жарты жылдық орналастыру (←) ■ Жылдық орналастыру (←) ■ Айлық кірістілігі (→)
■ Апталық кірістілігі (→) ■ Үш айлық кірістілігі (→) ■ Жарты жылдық кірістілігі (→)
■ Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі

Өтеу кірістілігі, жылдық





Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 0,21 (-0,05%) теңгеге өсіп, 432,43 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі \$526,8 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (-46,0%)). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 1 491 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -475) құрады. Максималды бағасы бір АҚШ долларына 435,85 теңге, минималды – 431,35 теңге.

Теңге апта қорытындысы бойынша АҚШ долларына қатысты біршама қымбаттап, бірақ ресей рублі, еуро және қытай юаніне қатысты минуспен аяқтады. АҚШ доллары 03 қарашадағы болып өткен АҚШ президентіне сайлау нәтижесіне байланысты белгісіздік жағдайында позициясын жоғалтты. Дауысты санау жалғасуда және Демокртиялық партиядан АҚШ Президентіне үміткер Джо Байден қазіргі Президенті Дональд Трампты басып озып, сайлаушылар алқасының мүшесінің қажетті 270 дауыстың 264 жинады, ал Трампта 214 дауыс болды. президенттік сайлаумен қатар Конгреске де сайлау өтті: Сенатта орын тең бөлінді – 48-ден, демократтарда өкілдер палатасында — 193 тің орнына – 208. Экономиканы ынталандыру бойынша жаңа ірі шараларды қабылдау мүмкіндігі жоғары емес, өйткені, Конгресстің екі палатасында демократтар көпшілік дауыс жинайды деген үміт үзіле бастады.


Сонымен қатар, ФРС федералдық несие қаражаты бойынша пайыздық мөлшерлемесін 4-5 қарашадағы отырыс қорытындысы бойынша жылдық 0% -дан 0,25%-ға дейін сақтады, және АҚШ экономикасына қолдау көрсету үшін оған қажетті барлық құралдарды пайдалануға дайындығы туралы хабарлады.

Жұма күні Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15:30 -да Brent қаңтар айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында бір баррельге 1,4% төмендеп, \$40,37 құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубіліне бағамы осы уақытта 0,5% өсіп, 77,4264 рубльді құрады.

Ресей рублінің құны 0,14 (+2,5%) теңгеге дейін өсіп, 5,6044 теңгені құрады. Еуро теңгеге қатысты 5,30 (+1,0%) теңгеге қымбаттап, 511,30 теңгені құрады. Қытай юаны 0,6183 теңгеге (+1,0%) қымбаттап, 65,3656 теңгені құрады.


Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.20)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

06.11.2020

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	3 509,44	6,0	2,6	13,8	7,2	Мұнай (Brent)	39,45	1,2	-6,0	-36,7
Dow Jones	28 323,40	5,2	0,1	2,3	6,9	Мұнай (WTI)	37,14	0,9	-7,0	-35,0
PTC	1 178,28	10,2	3,0	-20,8	10,1	Табиғи газ	2,89	-11,0	10,8	4,2
MMBB	2 285,53	0,0	0,0	0,0	10,1	Мыс	315,40	2,5	4,0	15,6
Hang Seng	25 712,97	5,1	6,1	-7,7	6,5	Темір	849,50	-2,1	-11,6	24,1
SS CSI 300	4 885,72	3,5	6,5	22,4	3,8	Алтын	1 951,35	2,9	3,4	33,3
Euro Stoxx 50	3 204,05	6,1	-0,9	-13,6	8,1	Күміс	25,66	6,8	7,4	50,9
FTSEuroFirst	3 526,50	5,1	-1,0	-19,5	7,0	Астық	602,00	-0,9	-0,9	17,5
FTSE 100	5 910,02	4,5	-0,6	-20,2	5,8					
KASE	2 490,73	1,5	2,6	7,8						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі		Валюта	Болжам	Алдыңғы
10.11	Ұлыбритания: жұмыссыздық бойынша өтемақыға өтінімдер бағасын өзгерту (қазан)	GBP	78,8К	28,0К
10.11	EIA энергия тасымалдушылар нарығында жағдайға қысқа мерзімді болжам	USD		
12.11	Ұлыбритания: ІЖӨ (ж/ж) (3 т.)	GBP	-9,4%	-21,5%
12.11	Ұлыбритания: өндіруші кәсіпорынның өндіріс көлемі (а/а) (қыркүйек)	GBP	0,9%	0,7%
12.11	АҚШ: тұтыну бағасының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (қазан)	USD	0,2%	0,2%
12.11	АҚШ: жұмыссыздық бойынша өтемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	738К	751К
12.11	АҚШ: шикі мұнай қоры	USD		-7,988М

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,1%	01.07.20	5,3%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-тұрақты	10.09.18	BBB-тұрақты
Moody's	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 -тұрақты
Fitch Ratings	BBB тұрақты	28.09.18	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.